

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2026)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/BTOUPh3.2026/ISSN2710-3528>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Ергалиева С. Ж., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Искакова З. С., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/BTOUPh3.2026/54-69>

Ж. Ә. Аймұхамбет¹, *Н. С. Сабыржан²

^{1,2}Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7061-3000>

²ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-2785-6132>

*e-mail: sabyrzhanursultan@gmail.com

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ ПАРАДИГМА: ЭВОЛЮЦИЯСЫ МЕН КӨРКЕМ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ

Мақалада қазақ әдебиеттануындағы антропологиялық парадигманың қалыптасуы мен эволюциясы назарға алынып, фольклор, жыраулар поэзиясы және XX ғасыр әдебиетіндегі кейіпкер бейнесінің көркем репрезентациясын зерделеу арқылы тұлға болмысының өзгерісі айқындау мақсат етіледі. Зерттеу нысанына фольклор туындылары, жыраулар поэзиясы және жазба әдебиет мысалдары алынған. Талдауды жүзеге асыруда мифопоэтикалық, психоаналитикалық, герменевтикалық әдіс ұстанымдары пайдаланылды. Талдаулар әдебиеттанудың іргелі теорияларына сай жасалып, кейіпкер, бейне, болмыс тақырыбын қарастырған ғалымдардың ой-пікірлері бағыт-бағдар болады. Фольклорда кейіпкер бейнесі ұжымдық санадағы архетиптік сипатта танылса, жыраулар поэзиясында рух тұтастығы ретінде, XX ғасыр әдебиетінде тұлғаның ішкі қақтығысы мен «үнсіз адам» түрінде көрінетіні ғылыми дәйектеледі. Сондай-ақ кейіпкер бейнесінің ұжымдық санадан экзистенциалды деңгейге дейінгі эволюциясы жүйеленді. Кейіпкердің кезеңдер арасындағы өзгеріс динамикасы диахронды кесте арқылы нақтыланды. Нақтыланған деректер адам болмысының антропологиялық негізіне сай жүйеленіп, көркем репрезентациясы мен зерттеу нәтижелері көрсетілді. Ұсынылып отырған тұжырым қазақ әдебиетіндегі көркем антропологияның парадигмасын теориялық тұрғыдан нақтылап, адам болмысының рухани және мәдени деңгейлерін айшықтауға бағытталған. Алынған нәтижелер әдебиеттегі адам болмысын антропологиялық,

семиотикалық, психоаналитикалық әдістерді ұштастыра отырып кешенді зерттеуге мүмкіндік береді.

Кілтті сөздер: әдеби антропология, репрезентация, фольклор, кейіпкер болмысы, тұлға эволюциясы.

Кіріспе

Адам болмысын құрылымдық зерттеу бағытындағы ғылым қалыптасу жолында күрделі кезендерді бастан кешірді. Алғаш 1963 жылы басылған «Структурная антропология» еңбегінде француз структурализмінің басты өкілдерінің бірі Клод Леви-Стросстың пікірінше «егер антропология ғылымының өкілдері «құрылым» ұғымының мәні, оны қолдану ауқымы мен ол негізделетін әдіс жөнінде ортақ келісімге келе алған болса айтарлықтай табысқа жетер еді. Болашақта бұл сала дамуы үшін объективтілік, тұтастық және мағынаға ұмтылуы керек» [1, 424-б.]. Антропология ғылым ретінде қалыптасқан уақыттан бастап негізінен – биологиялық, физикалық, археологиялық, лингвистикалық, мәдени бағыттағы зерттеулер жасалып келді. Ғылымдардың өзара байланысы нәтижесінде әдебиеттану мен антропология өзара интеграцияланып, көркем туынды табиғатын, кейіпкер мәселесін жаңа көзқараспен зерттеу жолға қойыла бастады. Антрополог ғалымдар Джеймс Клиффорд пен Маркус Джордж «Writing culture: the poetics and politics of ethnography» еңбегінде «этнография – бұл әңгімелеудің бір түрі» деп санай келе, «әдебиет пен антропология адам өмірін баяндау арқылы түсінуге тырысатын тең салалы ғылымдар», – деген тұжырым жасайды [2, 6-б.]. Автор көркем туындыда адам өмірін баяндау барысында оның образын әртүрлі эксперимент арқылы мүсіндейді. Ф.ғ.д., профессор Жанат Айтмұхамбет «әдебиет тарихындағы көркем туынды кейіпкерлері түрлі адамдар типі ретінде қарастырылады. Әлем әдебиеті тарихына көз салсақ, біз ерте темір дәуірі адамы, ояну дәуірінің кейіпкері, «артық адам», «кішкентай адам», «қарапайым адам», «нағыз адам», «құндақтағы адам», «зиялы адам», «бүлікшіл адам», т.б. көптеген типтерді кездестіреміз», – деп көркем туындыдағы адам бейнесінің көптүрлілігін нақтылайды [3, 21-б.]. Қазақ әдебиетіндегі антропологияны қарастыру мақсатында біздің зерттеуімізге негіз етіп отырған басты мәселеміз – кейіпкер бейнесінің фольклордан XX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ әдебиетіне дейінгі эволюциясын көрсету. Осыған дейінгі зерттеулерде адам болмысын рухани және мәдени репрезентация ретінде талдау жеткілікті деңгейде жүзеге аспаған. Сол себепті қазақ әдебиетіндегі кейіпкер эволюциясын антропологиялық парадигма тұрғысынан айқындау зерттеу тақырыбымыздың өзектілігі мен осы мәселені жан-жақсы қарастыру керек екендігін көрсетеді. Әдебиеттану мен антропологиядағы жаңаша көзқарастарға сүйене отырып, қазақ әдебиетіндегі кейіпкер тұлғасының қалыптасу эволюциясын мысалдармен ұсынамыз.

Материалдар мен әдістері

Мақаланы жазу барысында «Қамбар батыр» жыры, Ш. Тіленшіұлының «Би Темірге бірінші толғауы», Бұқар жыраудың «Батырын өтті – Бөгенбай», Тәтіқара ақынның «Кебеже қарын, кең құрсақ», Үмбетей жыраудың «Жауқашарға», «Бөгембай қазасын Абылай ханға естірту» өлең-толғаулары, Ғ. Мұстафиннің «Қашқын», «Қан», «Алыптың кереметтері», Ж. Аймауытұлының «Елес» әңгімелері зерттеу материалдары ретінде алынды. Бұл көркем туындылар кейіпкер бейнесінің фольклордан XX ғасыр әдебиетіне дейінгі эволюциясы мен көркем репрезентациясын таныту мақсатында пайдаланылды.

Кейіпкер бейнесінің эволюциясын таныту үшін фольклор кезеңіндегі жыр мифопоэтикалық, жыраулар поэзиясындағы өлең-толғаулар герменевтикалық, XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің алғашқы қалыптасу жылдары жазылған әңгімелер психоаналитикалық әдістер арқылы талданды. Мифопоэтикалық әдіс эпос кейіпкерлерінің ұжымдық санамен байланысын, болмысын айқындау үшін пайдаланылды. Герменевтикалық әдіс жыраулар поэзиясындағы негізгі кейіпкерлер жырау мен хан, адам мен билік қатынасының рухани мәнін түсіндіру мақсатында қолданылды. Психоаналитикалық әдіс XX ғасырдың алғашқы жартысында жазылған қазақ әдебиеті туындыларындағы кейіпкердің бейсаналық қақтығысы мен ішкі күйзелісін талдауға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижелері салыстырмалы кесте түрінде жүйеленіп, кейіпкер бейнесінің үш кезеңдегі эволюциясы антропологиялық әдіс тұрғысынан зерделенді.

Нәтижелер және талқылау

Белгілі әдебиеттанушы Шәкір Ибраевтың пікірінше «антропологиялық зерттеулердің фольклортану үшін келесі бір маңызды мәселесі – байырғы адамдар мен қазіргі адамдардың психологиясындағы айырмашылықтарды тарихи тұрғыдан ажыратып беру» [4, 12-б.]. Қазақ әдебиетіндегі кейіпкер тұлғасының қалыптасу эволюциясын түсіну үшін алдымен фольклорлық кезең мен жыраулық дәуір әдебиеті өкілдерінің шығармашылығын қарастырдық. Осы мақсатта 1888 жылы У.Тухфатуллин жинақтаған «Қисса Қамбар» (Қамбар батыр) жырындағы Қамбар, Назым, Мақтымхан, Келмембет бейнелерінің идеялық жетілуіне назар аудардық. Әдебиеттанушылар А. Н. Атаханова мен Ғ. Б. Аяпованың «Фольклорлық мұралардың генезисі, тарихилығы, жанрлық белгілері» мақаласында «Адамдар образын құстарға қатысты көрсету дереккөзінде психологиялық параллелизм бар... Адам мен табиғаттың бір-бірінен бөліне бастауы – ақыл мен ойдың өсуінің белгісі. Бұл психологиялық параллелизмдер мен метафоралық тәсілдердің туған дәуірі. Яғни, мифтен метафора, метафорадан теңеуге ауысу дәуірі», – деген тұжырым бар [5, 33-б.]. Жырдағы орталық кейіпкер – Назым. Оның бейнесін берудегі «Ақ сұңқар құстай толады», «тоты құстай түледі», – деген теңеулер жоғарыда атап өткен пікірді дәлелдейді [6, 50-51-бб.]. Оқиғаның көп бөлігі Назым қыздың айналасында жүріп

отырады. Еуропа әдебиетіндегі классицизм кезеңіндегідей «Қамбар батыр» жырында да ақсүйек отбасындағы қыз тағдыры суреттелген. Бұл жайында ф.ғ.к., әдебиеттанушы Ж.Рақыш «Қамбар батыр жырындағы әйелдер бейнесі» мақаласында: «Сұлу сипаты, ерке мінезімен қатар өзіне жар таңдаудағы батыл қадамдары Назым тұлғасын өзге жырлардағы әйелдер образынан ерекшелейді. ...Фольклор заңдылығына сәйкес болашақ жарының елден ерек тұлғасына Назым да қанық. Ол жырда: «Жұрт әуес болған сұлудың, Көңілі ауды сыртынан, Ер Қамбардың күшіне», – деп өрнектеледі. Назым үшін батырлық мінезбен қасиет киелі», – деген пікір білдіреді [7, 80-б.]. Әлеуметтік не болмаса адам тағдыры секілді мәселе көтермесе де, өз болашағын айқындау жолында бұл кейіпкер бойынан батылдық пен айлакерлікті байқаймыз. Ол әйелдікке күштеп аламын деп келген Мақтымханға қойған айла-шарғысынан танылады:

Келуші еді әуелі,
Күйеу үйден, қыз тыстан,
Ұстаушы еді білектен.
...Сексен күндей ой қылып,
Сексен күндей той қылып,
Үш сексен күн дегенде
Қыз, жігітті жатқызып,
...Ұзатушы еді атамыз,
Бұрынғы-соңғы жол қылып [6, 67-б.].

Бұл жолдардан елінің үш сексен күн уақытта бір амалын табарына, Қамбар батырдың бұның жайын естіп құтқаруға келеріне деген қыздың ішкі сенімі көрінеді. Келесі негізгі кейіпкер Қамбар тұлғасы Назымға қарама-қарсы. Біз оның қыздың жыр басындағы күйеу таңдаған сынына «өңкей тобыр ел» асырап жүргендіктен шақырылмай қалғанынан бастап, соңғы эпизодқа дейін кейіпкер ретінде өсу динамикасын байқай алмадық. Ғалым Г. Пірәлі «Ішкі монолог» монографиясында «Шолпанның күнәсі» әңгімесіндегі Шолпан жайын талдай келе «Оның құпия ойын, жан сырын ұғар қасында жан жоқ. Сондықтан да ол өз ойын өзі, адам ішіндегі адаммен (человека в человеке), яғни санамен сырласу, ойласу арқылы ақиқатқа жол ашады», – деген пікір білдіреді [8, 29-б.]. Әдебиетке М. Пруст әкелді деп саналатын, XX ғасыр басындағы батыс әдебиетінде Джойс, Кафка, Толстой, Достоевский, қазақ әдебиетінде Мағжан, Жүсіпбек, Мұхтар шығармашылығы арқылы танылған психологизмді бейнелеу құралдарының алғашқы белгілері халық ауыз әдебиетінде байқалады. Мысалға, «Қамбар батыр» жырында батырды сыртынан көріп, құмартқан сұлудың ар-намысты жиып қойып, өзі сөз бастағанына Қамбардың «сөйлесе кетсем сұлумен, кетермін деп қызығып», – деп өзін-өзі қайрауы ішкі монологтың белгісі [6, 57-б.]. Бір жерде ұстамды көрінетін батыр «дәнемені көрмеген, жалаңбұт өскен заңғар-ау, алды-артына қарасам, кедейің қалың сор бар-ау», – деген қыз сөзіне «Бір

тілегім Құдайдан, кәпір алса олжаға, мінгізіп салса арбаға», – деп шамданып, еліне кетіп қалады [6, 59-б.]. Бұл жолдарда Қамбар бейнесінің ешкімге өздігінен соқтықпайтын, біреу намысына тиерлік сөз айтса аянбайтын мінезі байқалады. Жырдың кульминациясында Мақтымханның зорлығын, Келмембеттің жағымпаз қылығын көрген батыр бойында белгісіз күш оянып, тоғызыншы күні барамын деген хабар айтады. Осы жерде Қамбар батыр ханға өзінің кешігіп келу себебін ерекше түсіндірген: «үйден шығып келе жатқанымда бір қарға қазы қызыл алтай түлкіні алды, оған келіп бір қара төбет зорлық қылды, таласып жатыр екен, маған келіп жүгінді. Тазы сенің күнде алғаның түлкі, бір жолы қара төбетке байла, – деп төре бердім, үш күн айландым» [6, 79-б.]. Бұл Қамбардың батыр ғана емес халық даналығын бойына сіңірген ер екеніне жақсы мысал. Осы арқылы Мақтымханға «сен хансың, тазы, лашын, сұңқар тектессің, мен секілді қара төбет, қу, қара қарғаға бір мәрте жолыңды бер», – деген астарлы ой тастаған. Бұл ойды хан түсінген сыңай танытпағаннан кейін шабуыл жасап, елін де, сүйген Назым сұлтуды да кәпірдің тұтқынынан босатады. Мақтымхан мен Келмембет бейне-болмыстары жырда озбырлық пен қулық тұрғысынан суреттелген. Екеуінің түп атасын жырда кәпірдің патшасы мен шалақазақ шоқындының баласы деп баян еткен. Жалпы, бай, батыр, ханның сұлу қызы барын естіп, алыс елден жаугершілікке аттану көптеген қазақ ертегі-дастанына ортақ сюжет. Бұл «Қамбар батыр» жырында да қайталанған. Ал Қамбарды «жағасынан сүйреп» әкелмегені үшін тілденген Келмембет бойындағы батылдығын жиып, «Қамбар сені өлтіріп, кемеліне келтіріп, сүйегінді қасқыр кемірсін, майыңа қасқыр семірсін», – деген ызаға толы сөз айтып кетіседі [6, 81-б.]. Жырдың ортасында хан қайда жұмсаса сонда болатын жылпос мінезді Келмембет соңына қарай батыл бейнеге айналған. Мақтымхан – қазақ эпикалық дастандарында жиі кездесетін, екі ғашықтың қосылуы алдындағы сынағы, тосқауылы секілді архетиптік бейне. Жалпы алғанда, кейіпкердің фольклордағы эволюциясын зерделеуге алынған «Қисса Қамбар» жырындағы типтік бейнелердің жетілуі, болмысқа ұмтылуы солғын көрінеді.

Кейіпкер эволюциясын зерделеудің келесі сатысында жыраулар поэзиясын қарастырамыз. Академик Сейіт Қасқабасов «...жыраулар поэзиясында ең мәнді де, маңызды етіп қаһармандықты, елінің тәуелсіздігі мен мемлекетінің нығаюы үшін жан аямай күрескен батырлар мен қайраткерлерді мадақтап, көтермелеп жырлау дәстүрін қалыптастырды. Сөйтіп, жыраулар өз шығармаларында идеалды әміршінің бейнесін жасады», – деген тұжырым жасайды [9, 203-б.]. Шалкиіз Тіленшіұлы поэзиясындағы «Би Темірге бірінші толғауында» билеуші бейнесі мен ақын арасында параллельдер жасалған. Жырды белгілі ғалым Т. В. Цивьян жіктеген бинарлық оппозициялық жұптар тұрғысынан қарастыратын болсақ, әлеуметтік категорияға байланысты (ақылсыз дос – ақылды дұспан; сұлтан – құл; сұңқар – қу; жақсы – жаман; алтын – пұл; жібек – жүн) бірігіп келіп, тұтастық құрайтын таңбалық кешендерге сипаттауға болады [10, 6-б.].

Бұл өлеңде автор екі бейнені сомдаған. Біріншісі, құдіретті, Тәңірге ұқсас – би Темір болса, екіншісі билеушінің «көбең семіз торысы» мен «көп құлының» бірі ретінде көрінетін автордың өзі. Әмірші мен жыраудың көзге көрінбес тартысы. Бұл байланысты нақтылауда семиотикалық антропология тұрғысынан Пирстың «индекстік байланыс» теориясын қолданамыз [11, 338-б.]. Ол бойынша жырау өзінің төмен дәрежесіне қарамастан би Темірді алтынға, жібекке теңей тұра онымен тепе-тең дәрежеде екенін меңзейді (Саған дұспан – маған жау). Ал Жиёмбет жырларындағы Есім ханның бейнесінің би Темірден айырмасы – соңғысы билеушісін құрмет тұта отырып, өзінің одан ықпасын сездірсе, алғашқысының ханның атақ-дәрежесіне қарамастан қорықпайтынын ашық айтуында. «Еңсегей бойлы Ер Есімдегі» – «есірген», қол астындағы ақылшысын «сатып алған құлындай» жұмсайтын, «тасыған», «ұнамды қылығы жоқ» хан бейнесі орта ғасырдағы озбыр билік иесін сипаттайды. Тәтіқара жырларында Абылай бейнесі «артық туған» жан ретінде мойындалса да, жау шапқанда:

«Ит етектен алғанда

Ер Абылай қорыққан жоқ

Әншейін еңкейе бере жылысты» [12, 68-б.].

Бұл жолдарда жыраудың реніші көрінеді. Үмбетей жыраудың «Бөгембай қазасын Абылай ханға естіртуіндегі»:

«...Сол ерлікпен хан болдың,

Әлем асқан жан болдың».

«...Қалмаққа бітеу жұтылдың,

Үш ауыз сөзбен құтылдың

Ұмыттың ба соны, Абылай?!».

«Баба түкті Шашты Әзіз,

Содан бата алғанда,

Тілеуің қабыл болғанын,

Басыңа Қыдыр қонғанын...» [12, 74-б.].

Бұл жолдарда Абылайдың батылдығы, «әлем асқан жан», «үш ауыз сөзбен құтылған шешен», «басына Қыдыр қонғаны» жинақталып, толымды хан бейнесі сомдалған. Бұқар жыраудың «Батырың өтті – Бөгенбай» жырында:

«...кұлағанға ұқсайды

Қазақтың камал-қорғаны»

«Қыс қыстайтын жерінді

Аң етімен тау қылған,

Батырың өтті Бөгенбай!».

«Тұғыр болған сол еді

Сіздей төре сұңқарға» [12, 48-б.].

Аталған үзінділер арқылы «қазақтың камал-қорғаны», «қыс қыстайтын жерінді, аң етімен тау қылған» аңшылығы, орта жүздің тұғыры, еңбегі сіңген

ер екендігі айтылып, батыр болмысы бейнеленген. Жыраулар поэзиясының негізгі кейіпкері – классицизм дәуірі әдебиетіндегідей хан, әмір, би, батыр екенін ескерсек, ол кезеңдегі қарапайым халық бейнесі жырлардағы бірлі-жарым үзіндіде көрінеді. Мысалға,

«Мен, өлсе, құнсыз кетер деме сен,
Кешегі өзіңнің ұрып өлтірген
Тілеуберді құлындай» [12, 40-б.].

Бұл жолдар ханның қаталдығы мен қол астындағы қызметшісіне деген қарым-қатынасын көрсетсе, Үмбетейдің «Жауқашарға» өлеңіндегі

«Бұрала біткен емендей
қисық туған адамсың»,
«ыңдыны жаман жетеуің
Қашты әне жалт беріп» [12, 71-б.].

Осы жолдардан ел ішін бұзған тентек бейнесі байқалады. Түптеп келгенде жыраулар поэзиясындағы кейіпкер бейнесінің эволюциясы фольклордан айырмасы аз, толыққанды дамымаған, өз кезегінде батырлық пен батылдықты сомдауға машықтанғандығы айқын көрінеді деген тұжырым жасаймыз.

Кеңестік тоталитарлық дәуір тұсындағы көркем бейне табиғаты күрделі өзгерістерге толы. Оны екі бағытта қарастырып көруге болады. Бірінші бағыттағы М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», Ж. Аймауыттың «Ақбілек», «Қартқожа», «Елес», М. Жұмабайдың «Шолпанның күнәсі», М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні» тәрізді классикалық туындыларындағы кейіпкер бейнесінің толысуы мен күрделі психологизмі біршама зерттеушілердің еңбектерінде талданды. Екінші бағыттағы С. Ерубаевтың «Менің құрдастарым», Ғ. Мұстафиннің «Қарағанды», «Миллионер колхоз» романдарындағы кейіпкерлер ертегі үлгісінде (кейіпкер ретінде толысудан гөрі қатар-қатар қиындыққа кез болу, оны жеңіп бақытқа жету) өмір сүрсе, екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы қазақ ауылының жай-күйі баяндалған Б. Соқпақбаевтың «Өлгендер қайтып келмейді», «С. Мұратбековтің «Жусан иісі», «Жабайы алма» роман-повестерінде кейіпкер тұлғасы біршама тұрақталып, өмірі жеңіс пен жеңілістен тұратын қарапайым адам екендігі көрініс тапқан. Ғ. Мұстафиннің 1928 жылы жазылған «Қашқын» әңгімесі басынан соңына дейін Қуат есімді «қашқын» шалдың аузынан баяндалады. Жазылған уақыты мен идеясына қарай отырып, негізгі айтпақ ойын түсінуге болады. Жастайынан Малдыбайдың малайына айналған әкелі-балалы екеудің бастан кешкені сол жылдары жазылған біршама жазушының ортақ тақырыбы. Оқыста әкесінің көзі шығып, жан ашуы байды сабауға жеткізген Қуатты ары қарай дуандағы түрме күтіп тұрғанын оқырман анық бағамдайды. Алайда жолай урядниктерді біріне-бірі соғып, қашқын атануы оның кейінгі тағдырын түбегейлі өзгерткен. Әңгіменің соңында «қашқынымыз» жігіт шағынан қартайғанға дейін ұсталмастан жолына кезіккен бай атаулыны сабап, қаншама

рет абақты есігін көргенін баян етеді. Оқиға желісі патша үкіметі жылдары өтсе де, кейіпкер аузынан кеңес үкіметінің тезірек келуін аңсаған, соны асыға күткен леп сезіледі. Ал 1937 жылы жазған «Қан» әңгімесінде автор Бәлкен, Төкіш деген екі байдың жылқы қосына таласуы, кектескен Төкіштің бес-алты жігітті барымтаға жіберуі баяндалады. Мал ашуы жан ашуына айналған екі жақ сойыл сілтесіп, даудың соңы екі жігіттің қызыл ала қанға боялып, майдан даласында қалуымен аяқталады. Оқиғаны бастан-аяқ көріп тұрған баяндаушымыз қызық көрген көпшіліктің байдың малы үшін қан төккен екі жігітті сол күйі тастап кеткенін көріп, әңгіме түйінін осы әурешіліктің бәрі неге болды деген сұрақпен аяқтайды. Сол секілді «Алыптың кереметтері» әңгімесінде айналасы бір жылдың шамасында еңбектің арқасында жетістікке жеткен Нұртаза есімді жұмысшы жігіттің оқиғасы баяндалады [13]. Жоғарыда атап өткеніміздей, қарапайым зауыт жұмысшысының бір жылдың шамасында қалаға аты жайылып, әйгілі де сыйлы азаматқа айналуы – күн санап, сағат санап өсетін ертегі кейіпкерінің қалыптасу жолына ұқсайды. Бұл әңгімелер арқылы автордың кеңестік жүйеге берілгендігі, соның қорғаушысына айналғаны анық көрінеді. Қазақтың психологиялық прозасын негіздегі Жүсіпбек Аймауытұлының «Елес» әңгімесі біз талдаған Ғ. Мұстафин шығармашылығына қарама-қарсы. Қандай тақырыпта жазарын білмей отырған кейіпкерімізге кенет тап болған (өзінің ойынша – авт.) жас жігітпен арадағы диалог, бас-аяғы бес беттік әңгіменің көтерер жүгі ауыр. Жас жігіттің «Төңкеріс ақынын ақынын жолықтыра алмай жүр едім: жақсы киіліктің ғой», – деген сөзінен-ақ автордың кеңестік билікті мысқылдап отырғаны түсінікті бола түседі [14, 69-б.]. Ал бастапқы кейіпкеріміздің аузына «төңкерістің берген бостандығын, теңдігін жазамыз», «еңбекшілерді тап күресіне шақырамыз», «ескі молдаларға, дінге, әдет-ғұрыпқа қарсы сөздер де жазылады» деген жолдарды салу арқылы революциядан бері алты-жеті жыл өтсе де кеңес билігінің өзіне қажетті тақырыптарды ғана жаздырып отырғаны сыналған. Өктем үнге айналған дауыс кейіпкерімізді алқымынан алып, төңкеріс жолында құрбан болған ерлер, ашаршылық, төңкерістен кейінгі қазақ тұрмысы, қазақ даласындағы соғыс майданының зардабы, революцияның алғашқы жылдарындағы заңсыздықтар секілді алуан тақырыптың барын айтып осыларды жаз, жазбаймын десең ендігәрі қалам ұстаушы болма деп шарт қояды. Осы жайында белгілі ғалым Г. Пірәлиева «бұл жерде адам ішіндегі адам, яғни адамның өз Ар-ұят елес болып алдыңғы қатарға шығады», – деген тұжырым жасайды [15, 91-б.]. Ж. Аймауытұлы шағын әңгіме арқылы кеңестік саясатты, оның қолшоқпарына айналған қазақтың ақын-жазушыларын аяусыз сынай отырып, не жазу керек, бұрынғы әдебиет үлгілерінен бас тартудың қажеті қанша деген сұрақтарға жауап іздейді. Әңгімедегі кейіпкер бейнесі жалтақ, қорқақ, бірақ түсінде өзінің ары, ішкі дауысы арқылы ағынан жарылады. Біз талдап отырған екі автордағы кейіпкерлер бейнесінің эволюциясы екі түрлі. Ғ. Мұстафин және XX ғасырда

өмір сүрген біршама қаламгер шығармашылығында билік өкілдерін жоғары тап көру мен отарлық саясатты, үстемдікті бейсаналы түрде қолдау басым. Ал жоғарыда аталған Ж. Аймауыт, М. Жұмабай, М. Әуезов шығармашылығы басқа бағыт алған.

Зерттеуіміз барысында қарастырған «Қамбар батыр» жыры, Шалкиіздің «Би Темірге бірінші толғауы», Жиёмбеттің «Әмірің қатты Ер Есім», Тәтіқараның «Кебеже қарын, кең құрсақ», Үмбетейдің «Бөгембай қазасын Абылай ханға естірту», Бұқар жыраудың «Батырың өтті Бөгенбай» өлеңдері мен Ғ. Мұстафиннің «Қан», «Қашқын», «Алыптың кереметтері», Ж. Аймауытұлының «Елес» әңгімелеріндегі кейіпкер бейнесінің өзгеру эволюциясы мен көркем репрезентациясы қазақ әдебиетіндегі адам болмысы жайлы біршама ақпарат береді. Алдымен талдауымыз негізінде көрінген кейіпкер болмысын не өзгерді деген сұраққа кесте түрінде жауап бере отырып қарастырайық:

1-кесте – Кейіпкер бейнесінің диахронды эволюциясы

Дәуір	Көркем шығарма	Кейіпкер бейнесі	Негізгі идеясы	Талдау тәсілі
Фольклор	«Қамбар батыр».	Қыз намысын қорғаған батыр	Ерлік	Мифопоэтикалық
Жыраулар поэзиясы	«Би Темірге бірінші толғауы»; «Әмірің қатты Ер Есім»; «Кебеже қарын, кең құрсақ»; «Бөгембай қазасын Абылай ханға естірту»; «Батырың өтті Бөгенбай».	Әміршісіне иек артқан жырау; Ханынан сескенбес жырау; Ел қамын ойлаған батыр; Елі үшін қан төккен билеуші.	Ерлік, ер мен ел тұтастығы, қайтпас қайсарлық	Герменевтикалық
XX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ әдебиеті	«Қан», «Қашқын», «Алыптың кереметтері», «Елес».	Теңдік аңсаған, кім үшін өлгенін білмейтін бейне мен тұлғаның екіге жарылуы	Адам мен қоғам арасындағы қайшылық, кеңестік біртұтас адам идеясынан бейсаналы жеріну	Психоаналитикалық

Бұл кесте арқылы қазақ әдебиетіндегі кейіпкер бейнесінің эволюциясын дәуірлік және әдіснамалық тұрғыдан жүйелеп көрсеттік. Әр дәуірдегі кейіпкер

бейнесі мен көркем туындының идеялық өзегі сол қоғамның дүниетанымдық көзқарасы мен рухани сұранысын бейнелейді. Фольклорлық дәуірдегі кейіпкер ел намысы мен қыз намысын жоғары қойған бейне ретінде қалыптасқан. «Қамбар батыр» жырындағы кейіпкерлер – ұжымдық сананың көрінісі. Батыр қиын жағдайға тап болған қоғамның қорғаушысы. Мифопоэтикалық және психологиялық талдау арқылы кейіпкер ерлігі, қыз тағдыры, адамдар арасындағы аярылық ұғымдары тұтас сипатта берілген. Жыраулар поэзиясында тұлға фольклордағы ұжымдық санадан бөлініп, саяси субъект дәрежесіне көтерілген. Жыраулардың толғау, өлеңдеріндегі ақын мен хан, билеуші мен батырдың қарым-қатынасы айқын. Герменевтикалық әдіс арқылы жыраудың билеушісінен қорықпауы, керісінше тең дәрежеде сөйлесе алатын қабілеті ашылған. Кеңестік кезеңдегі кейіпкер бейнесі ішкі күйзеліс, рухани жарылу үстінде танылады. «Қан», «Қашқын», «Елес» әңгімелеріндегі кейіпкер идеология мен жеке тұлға арасындағы қайшылықты көрсетеді. Бұл кезеңге психоаналитикалық талдау жасау арқылы кейіпкердің бейсаналы болмысын байқауға болады. Кестеде көрінгендей, қазақ әдебиетіндегі кейіпкер бейнесінің эволюциясы ұжымдық санадан жеке тұлғаның бейсаналы трагедиясына дейінгі жолды жүріп өткен. Фольклордағы кейіпкер қоғаммен біте қайнасып, ерлік, намыс идеяларымен шектелсе, жыраулар поэзиясында қалың қарашаның рухани өкілі ретінде танылған. Кеңестік кезеңдегі адам мен қоғам, сана мен идеология қақтығысы экзистенциалдық мазмұнға ие болды. Талдау әдістерінің де дәуір өткен сайын ауысып отыруы кейіпкердің өзін тану жолындағы рухани эволюциясын бейнелейді.

Келесі кестеде кейіпкер болмысын антропологиялық қабаттар бойынша қарастырайық.

2-кесте – Әдебиеттегі адам болмысының антропологиялық деңгейлері

Болмыс деңгейі	Әдеби кезең	Негізгі сипаты	Көркем репрезентациясы	Зерттеу нысанының нәтижесі
Табиғи	Фольклор	Табиғат пен тұтастық	Батырдың ел мен қыз намысын қорғауы	Ұжымдық сана қалыптасты
Рухани	Жыраулар поэзиясы	Елдік сана, рух	Жырау мен ханның қатынасы. Ел қорғаған батыр өлімін жоқтау	Адам мен билік қатынасы айқындалды
Психо-логиялық	XX ғ. алғашқы жартысындағы қазақ әдебиеті	Ішкі қақтығыс, бейсаналы үрей	Экзистенциалды көрініс	Тұлғаның екіге жарылуы мен идеологиялық қысым көру

Екінші кестеде әдеби кезеңдер бойынша кейіпкер болмысының табиғи, рухани және психологиялық деңгейлерде көркем бейнелену динамикасы көрсетілген. Бұл бірінші кестеде алынған нәтижелерді антропологиялық деңгейлер бойынша талдауға мүмкіндік береді. Фольклор кезеңінде адам мен табиғаттың тұтастығы батырдың ұжымдық сананы қалыптастырушы әрі қорғаушы тұлға ретіндегі әрекеті арқылы айқындалады. Бұл кезең адам болмысының табиғи және мифтік антропологиялық деңгейіне сай. Жыраулар поэзиясы кезеңінде адам болмысы рухани жағынан дами түскен. Жырау мен ханның диалогы арқылы халық, билік, жауапкершілік мәселелері алға шықса, батыр қазасын ханға естірту арқылы дәстүр мен жанашырлықтың елдің рухы екені көрінген. Кеңестік кезең шығармаларында адамның ішкі әлемі мен бейсаналық үрейі байқалады. Бұл тұлғаның саяси, идеологиялық қысым жағдайында бұрынғы жыраулар поэзиясындай ойын ашық айта алмайтынын көрсетіп, соның әсерінен цензураны айналып өту мақсатында екіге жарылу, сана ағымы, бейсаналықты пайдаланғанын сипаттайтын психологиялық деңгей. Осылайша, әдебиеттегі адам бейнесінің тарихи эволюциясы табиғатпен тұтастықтан рухани үйлесімділікке, одан экзистенциалды күйзеліс пен өзін іздеуге дейінгі аралықтағы антропологиялық дамуын көрсетеді.

Қорытынды

Мақалада кейіпкер бейнесінің фольклордан кеңестік кезеңге дейінгі эволюциясы жан-жақты талданды. Әр кезеңге тән шығармалар негізінде кейіпкер бейнесінің өзгерісі нақты мысалдар арқылы дәлелденді. Адам мен ұжымдық сана, адам мен қоғам, адам мен «ішкі Меннің» арақатынасы антропологиялық әдіс тұрғысынан қарастырылып, болмыстың табиғи, рухани және психологиялық деңгейлері жүйеленді. Зерттеу нәтижелері негізінде фольклор кезеңіндегі кейіпкер бейнесінің батырлық идеясы арқылы көрінетіні, жыраулар поэзиясы кезеңінде рухани деңгейге көтеріліп, ел мен билік арасындағы жауапкершіліктің басты идея болатыны, кеңестік кезең әдебиетінде экзистенциалды сипаттың белең алып, бейсаналы күйзеліс пен идеологиялық қысым әсерінен өткен дәуірлерде өз ойын ашық айтатын тұлғаның «үнсіз адамға» айналатыны дәлелденді. Бұл нәтижелер қазақ әдебиетіндегі көркем бейне эволюциясының тарихи жағдайларға тәуелді өзгеріп отырғанын көрсетеді. Зерттеу барысында қолданылған мифопоэтикалық, психологиялық, герменевтикалық, психоаналитикалық талдау әдістері адам болмысының көпқырлы табиғатын кең көлемде қарастыруға мүмкіндік берді. Болашақта зерттеу аясын кеңейтіп, кейіпкер бейнесінің тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы жаңа ғасыр тоғысындағы, жасанды интеллект кезеңіндегі өзгерісін, ер мен әйел тұлғасының бейсаналы және рухани әлемін талдау қазақ әдебиетіндегі көркем антропологияның жаңа парадигмасын қалыптастыруға жол ашады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Леви-Строс, К.** Структурная антропология [Текст] / К. Леви-Строс. – М. : Академический проект, 2008. – 560 с.
- 2 **Clifford J., Marcus, G. E.** Writing culture: the poetics and politics of ethnography [Text]. – London : University of California Press, 1986. – 306 p.
- 3 **Аймұхамбет, Ж.** «Абай поэзиясы: көркем антропология. Мотив және актант». Ғылыми-танымдық еңбек. – Семей : «Қудайберген», 2024. – 238-б.
- 4 **Ибраев, Ш.** Қазақтың ғұрыптық фольклоры. Т.2 - Түркістан: «Тұран» баспасы, 2025. – 189-б.
- 5 **Атаханова, А. Н., Аяпова Б. Г.** Фольклорлық мұралардың генезісі, тарихилығы, жанрлық белгілері [Мәтін] // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2020. – № 2 (178). – Б. 29–35. – <https://doi.org/10.26577/EJPh.2020.v178.i2.ph4>
- 6 Бабалар сөзі: Жүз томдық [Мәтін]. – Астана : Фолиант, 2007. – Т. 43: Батырлар жыры. – 416-б.
- 7 **Рақыш, Ж. С.** «Қамбар батыр» жырындағы әйелдер бейнесі [Мәтін] // Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2017. – № 1. – Б. 79–83.
- 8 **Пірәлиева, Г.** Ішкі монолог [Мәтін] : Ішкі монологтың кейіпкер психологиясын ашудағы көркемдік қызметі. – Алматы : Ер-Даулет, 1994. – 136-б.
- 9 **Қасқабасов, С.** Таңдамалы [Мәтін]. – Астана : Фолиант, 2014. – Т. 2: Мифология. Фольклор. Әдебиет. Зерттеулер. – 344-б.
- 10 **Цивьян, Т. В.** Модель мира и ее лингвистические основы [Текст]. – 3-е изд., испр. – М. : КомКнига, 2006. – 280 с.
- 11 **Mertz, E.** Semiotic anthropology [Text] // Annual Review of Anthropology. – 2007. – Т. 36. – Р. 337–353. – <https://doi.org/10.1146/annurev.anthro.36.081406.094417>
- 12 Жеті ғасыр жырылайды [Мәтін] : XIV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары / құраст. Е. Дүйсенбайұлы ; суретші Т. Мұқатов. – Алматы : Жазушы, 2004. – Т. 1. – 400-б. – ISBN 9965-701-61-X, 9965-701-62-8.
- 13 **Мұстафин, Ғ.** Өмір белестері : әңгімелер, очерктер, ой-пайымдар [Мәтін]. – Алматы : Ана тілі, 2012. – 424-б.
- 14 **Аймауытов, Ж.** Алты томдық шығармалар жинағы. Повесть пен әңгімелер, аудармалар [Мәтін] / құраст. Н. Қуантаев. – Алматы : Ел-шежіре, 2013. – Т. 3. – 384-б.
- 15 **Пірәлиева, Г.** Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері [Мәтін] : Түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем / Г. Пірәлиева; жауап. ред. А. Ісімақова; ҚР БҒМ М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. – Алматы : Алаш, 2003. – 327-б.

REFERENCES

- 1 **Levi-Stros, K.** Strukturnaya antropologiya [Structural anthropology] [Text]. – Moscow : Akademicheskii proekt, 2008. – 560 p.
- 2 **Clifford, J., Marcus, G. E.** Writing culture: the poetics and politics of ethnography [Text]. – London : University of California Press, 1986. – 306 p.
- 3 **Aimukhambet, Zh.** Abai poeziyası : kerkem antropologiya. Motiv zhane aktant [Abai's poetry: artistic anthropology. Motif and actant] [Text]. – Semei : Kudaiybergenov, 2024. – 238 p.
- 4 **Ibraev, Sh.** Kazaktyn guriptyk folklorı. Vol. 2 [Kazakh ritual folklore] [Text]. – Turkistan : Turan baspasy, 2025. – 189 p.
- 5 **Atakhanova, A. N., Ayapova, B. G.** Folklorlyk muralardyn genezisi, tarikhiylygy, zhanrlyk belgileri [Genesis, historicity and genre features of folklore heritage] [Text] // In KazNU Bulletin. Philology Series. – 2020. – No. 2 (178). – P. 29–35. – <https://doi.org/10.26577/EJPh.2020.v178.i2.ph4>
- 6 Babalar sozi: Zhuz tomдық [Words of ancestors: One hundred volumes] [Text]. – Astana : Foliant, 2007. – Vol. 43: Batyrlar zhyry [Epic poems of heroes]. – 416 p.
- 7 **Rakysh, Zh. S.** «Kambar batyr» zhyryndagy ailder beinesi [Female images in the epic «Kambar Batyr»] [Text]. // In Al-Farabi Kazakh National University Bulletin. Philology Series. – 2017. – No. 1. – P. 79–83.
- 8 **Piraliyeva, G.** Ishki monolog: Ishki monologtyn keipker psihologiyasyn ashyudagy kerkemdik kyzmeti [Inner monologue: the artistic function of inner monologue in revealing character psychology] [Text]. – Almaty : Er-Daulet, 1994. – 136 p.
- 9 **Kaskabasov, S.** Tandamaly. Vol. 2: Mifologiya. Folklor. Adebiet. Zertteuler [Selected works. Vol. 2: Mythology. Folklore. Literature. Studies] [Text]. – Astana : Foliant, 2014. – 344 p.
- 10 **Tsivyan, T. V.** Model mira i ee lingvisticheskie osnovy [Model of the world and its linguistic foundations] [Text]. – 3rd ed., revised. – Moscow : KomKniga, 2006. – 280 p.
- 11 **Mertz, E.** Semiotic anthropology [Text] // In Annual Review of Anthropology. – 2007. – Vol. 36. – P. 337–353. – <https://doi.org/10.1146/annurev.anthro.36.081406.094417>
- 12 Zheti gasyr zhyrlaıdy: XIV gasyrdan XX gasyrdyn bas kezigine dein kazak akyn-zhyraularynyn shygarmalary [Seven centuries sing: works of Kazakh poets and zhyraus from the XIV to early XX centuries] [Text]. – Almaty : Zhazushy, 2004. – Vol. 1. – 400 p.
- 13 **Mustafin, G.** Omir belesteri: angimeler, ocherkter, oi-paiymdar [Life milestones: stories, essays, reflections] [Text]. – Almaty : Ana tili, 2012. – 424 p.

14 **Aimaulytov, Zh.** Alty tomdyk shygarmalar zhinagy. Vol. 3: Povestter pen angimeler, audarmalar [Collected works in six volumes. Vol. 3: Novellas, short stories, translations] [Text]. – Almaty : El-shezhire, 2013. – 384 p.

15 **Piraliyeva, G.** Korkem prozadagy psihologizmnin keibir maseleleri: Tus koru, beiverbaldy isharattar, zattyk alem [Some issues of psychologism in fiction: dreams, nonverbal signs, object world] [Text]. – Almaty : Alash, 2003. – 327 p.

29.01.26 ж. баспаға түсті.

18.02.26 ж. түзетулерімен түсті.

10.08.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Ж. А. Аймухамбет¹, *Н. С. Сабыржан²*

^{1,2}Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,

Республика Казахстан, г. Астана.

Поступило в редакцию 29.01.26.

Поступило с исправлениями 18.02.26.

Принято в печать 10.08.26.

АНТРОПОЛОГИЧЕСКАЯ ПАРАДИГМА В КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ: ЭВОЛЮЦИЯ И ХУДОЖЕСТВЕННАЯ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ

В статье рассматриваются формирование и эволюция антропологической парадигмы в казахском литературоведении; посредством изучения художественной репрезентации образа героя в фольклоре, поэзии жырау и литературе XX века ставится цель выявить трансформацию человеческой личности. Объектом исследования послужили фольклорные произведения, поэзия жырау и образцы письменной литературы. В ходе анализа были использованы принципы мифопоэтического, психоаналитического и герменевтического методов. Анализ выполнен в соответствии с фундаментальными теориями литературоведения, при этом ориентиром послужили взгляды ученых, исследовавших проблемы героя, образа и бытия. Научно обосновано, что в фольклоре образ героя осмысливается как архетип коллективного сознания, в поэзии жырау – как духовная целостность, а в литературе XX века – как внутренняя конфликтность личности и феномен «молчаливого человека». Кроме того, систематизирована эволюция образа героя от уровня коллективного сознания к экзистенциальному измерению. Динамика изменений героя между историческими этапами

конкретизирована посредством диахронной таблицы. Уточненные данные систематизированы в соответствии с антропологическими основаниями человеческого бытия, представлены их художественная репрезентация и результаты исследования. Предлагаемая концепция направлена на теоретическое уточнение парадигмы художественной антропологии в казахской литературе и выявление духовных и культурных уровней человеческого бытия. Полученные результаты создают возможность комплексного исследования человеческого бытия в литературе с использованием антропологического, семиотического и психоаналитического методов.

Ключевые слова: литературная антропология, репрезентация, фольклор, бытие героя, эволюция личности.

Zh. A. Aimukhambet¹, *N. S. Sabyrzhhan²

^{1,2}L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Astana.

Received 29.01.26.

Received in revised form 18.02.26.

Accepted for publication 10.08.26.

THE ANTHROPOLOGICAL PARADIGM IN KAZAKH LITERATURE: EVOLUTION AND ARTISTIC REPRESENTATION

The article examines the formation and evolution of the anthropological paradigm in Kazakh literary studies and aims to identify the transformation of human personality through the analysis of the artistic representation of the character in folklore, the poetry of the zhyrau, and twentieth-century literature. The research material includes folklore works, zhyrau poetry, and examples of written literature. The analysis employs mythopoetic, psychoanalytic, and hermeneutic methodological principles. The study is conducted in accordance with fundamental theories of literary studies, drawing on the views of scholars who have explored the concepts of character, image, and being. It is scientifically substantiated that in folklore the character is perceived as an archetypal manifestation of collective consciousness, in zhyrau poetry as a form of spiritual integrity, and in twentieth-century literature as an expression of the individual's internal conflict and the phenomenon of the "silent man". The evolution of the character's image from the level of collective consciousness to the existential dimension is systematized. The dynamics of the character's

transformation across historical periods are specified through a diachronic table. The refined data are systematized in accordance with the anthropological foundations of human existence, and their artistic representation and research results are presented. The proposed conclusions aim to theoretically clarify the paradigm of artistic anthropology in Kazakh literature and to highlight the spiritual and cultural levels of human existence. The obtained results enable a comprehensive study of human existence in literature through the integration of anthropological, semiotic, and psychoanalytic methods.

Keywords: literary anthropology, representation, folklore, character's being, evolution of personality.

Теруге 10.08.2026 ж. жіберілді. Басуға 21.09.2026 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,64 МБ RAM

Шартты баспа табағы 44,4.

Компьютерде беттеген: З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4593

Сдано в набор 10.08.2026 г. Подписано в печать 21.09.2026 г.

Электронное издание

5,64 МБ RAM

Усл. печ. л. 44,4.

Компьютерная верстка: З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4593

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz